

Дәріс 6. Тұлғаның ұлттық-рухани бейнесі

Жоспар:

1. Ұлттық-рухани бейне туралы Қазақстандық ғалымдардың көзқарастары (Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, К.Ж.Қожахметова және т.б).
2. К.Ж.Қожахметованың тұлғаның этноәлеуметтік рөлдері туралы тұжырымдамасы.
3. Рухани-адамгершілік тәрбие-баланың таза экоаурасын қалыптастыру жолы.

Халықтық педагогика негізінде, қазіргі таңда жастарды тәрбиелеу мүмкіндіктеріне жол ашылуымен қатар, этнопедагогика ғылымында халықтық педагогикаға байланысты және оның қағидаларын оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдаланудың жолдарын ғылымиәдістемелік тұрғыда ашып көрсетуде с.қалиев ғылыми педагогиканың қағидаларын салыстырып, төмендегілерді ұсынған:

1. Келер ұрпақтың ақылды, арлы, намысқор, өміршең азамат болуын тілеу.
2. Баланы жастайынан еңбек сүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеу.
3. Тән сұлулығы мен жан сұлулығын қатар қалыптастыру.
4. Адамгершілік, ар-ождан, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізгілікті арқау ету.
5. Гуманизм мен патриотизм - халықтық тәрбиенің басты қағидаларының бірі.

Тіршілік тұтқасы өмірдің шамшырағы өнер мен ғылым деп ұққан халқымыз жастарға “өнерлі өлмейді”, “білім-таусылмас кен, өнер-өлмес мұра” дегендерді талдап бере отырып, ертегі жыр, өлең, батырлар жыры, аңыз әңгімелер мақал-мәтелдерді оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты топтап, жіктеген.

Қазіргі мектептерде адамгершілік тәрбиесінің мазмұны жалпы адам құндылығын жоғарылату қажеттігінен көптеген өзгерістерге бет бұрды. Осыдан әрбір оқушыға төмендегі мәселелердің маңыздылығын түсіндіріп отыру қажет:

- 1) адамға ең қымбат - өмір;
- 2) балалар - өмір жалғасы;
- 3) тәртіптілікпен байланысқан еркіндік;
- 4) отансүйгіштік (патриотизм);
- 5) ұлтжандылық;
- 6) борыш, ар, намыс, ождан, тәртіп сақтау, кішіпейілдік және т.б.

“Қазіргі қоғамдағы жариялылық жағдайында білім мен тәрбиенің ұлтымыздың озық дәстүрлері мен тәжірибесіне негізделуіне айырықша ден қойылуы тиіс. Себебі: жаңашыл мектептерде (инновациялық) мектептерде, педагогикалық білім берудің мақсат, міндеттерін толық анықтау, білім мазмұнын жаңалау, оқытудың жаңа тиімді әдістәсілдерін жетілдіру, жаңа мазмұндағы оқу, әдістемелік құралдары мен бағдарламаларын жасау

жұмыстары республика ғылымдары мен көптеген ғылыми-зерттеу орталықтарының назарында,” – дейді К.Қожахметова.

Педагогикалық қараусыздық – жанұядағы және мектептегі оқыту-тәрбиелеу жұмыстарындағы кемшіліктердің нәтижесінде туатын қалып келесі элементтерден тұрады: жалпы, элементарлық –этикалық, қылықтық білімдердің жеткіліксіздігі, оларды қолдана алмау; физикалық, психикалық, тұлғалық дамуда артта қалу; іс-әрекетке, басқаларға, өзіне баланың қатынасының бұзылуы.

В.Е. Дружинин баланың психикалық денсаулығын бірнеше тұрғыдан қарастырады. Сана- сезімнің қалыптасуы эмоционалды және ақыл ойдың дамуымен қатар жүреді. Оның алғы шарты баланың ересек адаммен қарым-қатынасы болып табылады. Нәтижесінде балада өзіндік «мен» механизмі, өзіндік сана-сезімі дамиды. Анасымен эмоционалды қарым-қатынастың болмауы- баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себебі. Психикалық, әлеуметтік қажеттіліктердің қанағаттану қауыпсіздік сезімін туғызады, дамуды жеделдететі, гармониялы психикалық дамуын жүзеге асырады. Психикалық денсаулық жан дүниенің толыққанды өмірлік іс-әрекетінің мүмкіндігіне әкелетін қалпы, ол көтеріңкі көңіл күйден, өзін-өзі жақсы сезінуден, белсенділіктен көрінеді. Психикалық денсаулық үшін эмоционалды сфера ерекше ролді алады. Мектепке дейінгі және мектеп жасы кезеңінде эмоциялардың тұрақтылығы мен күші өседі. Эмоциялардың мазмұны күрделенеді. Бала төрт негізгі эмоцияны (қуаныш, ашу, қорқыныш, қайғы) дұрыс қабылдап, түсіне алады. Эмоцияларды дұрыс түсіне және тану басқа адамдарды дұрыс қабылдаудың аспектісі. Мектепке дейінгі кезеңдегі балалар үшін психикалық дамуының бұзылғандығының көрсеткіші – бұл қылықтың ауытқуы. Ол зейіннің жетіспеушілігінен, импульсивтіліктен, бөтен сигналдарға алаңдаушылықтан көрінеді. Нәтижесінде тапсырманы орындауда, сабақта ойын кезінде сыртқы бақылаудың және өзіндік бақылаудың қиыншылықтары туады. Қылықтың бұзылуы мазасыздықтан, шыдамсыздықтан, әр-түрлі әсерлерге жылаумен жауап беруден немесе қиыншылықтан қашып кетуге тырысудан көрінеді. Баланы жиі ренжітетін болса, оның өзіндік бағасы төмендеп, өзін сәтсіз адам ретінде қабылдай бастайды.

А.А.Крылов бойынша психикалық денсаулықты бағалау критерилері ретінде психикалық тепе-теңдік, психиканың гармониясы, психиканың адаптивті мүмкіндіктері аталады. Психикалық тепе-теңдік критерийі көмегімен адамның психикалық сферасының функциясын танымдық, эмоционалды, еріктік жағынан бағалауға болады. Жеке адам дамуындағы ауытқулар дисгармониядан, әлеуметтік ортамен тепе-теңдіктің бұзылуынан, ғана социумға әлеуметтік бейімделу процестерінің бұзылуынан көрінеді. Психикалық тепе-теңдік критерийі басқа екі критериймен: психика қызметінің гармониясы және бейімделу мүмкіндіктерімен тығыз байланысты. Психикалық тепе-теңдік деңгейіне адамның объективті жағдайлармен сәйкестілігі, боларға бейімделу тәуелді. Сәйкестілік

өзгермейтін тұрақты емес, өмірлік маңызды биологиялық және психологиялық процестерге байланысты дамиды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бьюдженталь Дж. Искусство психотерапевта/ Дж. Бьюдженталь. – СПб.: Питер, 2018. – 304 с.
2. Зайцев К.Л. Познание как взаимное преобразование во встрече с другим: к проблеме обоснования психотерапевтической эпистемологии// Материалы V Российского философского конгресса. - Новосибирск, 2019. – С. 83-84.
3. Словарь по общественным наукам. Глоссарий.ру [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://slovari.yandex.ru/>
4. Агеев В.В. Введение в психологию человеческой уникальности/ В.В. Агеев.-Томск: «Пеленг», 2018. - 428 с.